

кезіндегі депортацияға ұшыраған Орталық Азиядағы славян халықтарының. Мақаланы қорытындылай келе Сталинизм кезі қазақ халқы үшін ең қиын замандардың бірі болды. Бұл кезең елдің демографиялық, рухани және әлеуметтік дамуына орны толмас жара салды. Ұжымдастыру, зорлықпен отырықшыландыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін сияқты саясаттар миллиондаған адамды өмірден айырды, ұлттық элита мен зиялы қауымның көп бөлігі жойылды. Қазақ қоғамының табиғи дамуы тежеліп, тарихи сабақтастық үзіліп, ұлттық болмысқа қатты соққы тиді. Сонымен бірге бұл дәуір қайғылы сабақ ретінде ұлттық жадта қалды. Халық қасіретті бастан өткере отырып, өмір сүруге, тіл мен ділді сақтауға ұмтылды, әрі тарих алдындағы жауапкершілікті сезіне түсті. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін сталинизм кезеңін ұмытпау - қайталамау жолындағы негізгі шарт. Бұл тарихи тәжірибенің бізге берген ең үлкен тағылымы - еркіндік пен адам құқығының құндылығын бағалау, ұлттық бірлікті нығайту, өткеннен сабақ алып, болашаққа сеніммен қадам басу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фицпатрик Ш. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / Ш. Фицпатрик; [-2-е изд. - М.: Российская политическая энциклопедия пер. с англ. Л. Ю. Пан-тина (РОССПЭН), Фонд Первого Президента России Б. Н. Ельцина 2008. - 336 с
2. Живая память . Сталинизм в Казахстане Прошлое, Память, Преодоление. Живая память. Сталинизм в Казахстане - Прошлое, Память, Преодоление / Под ред. Ж.Б. Абылхожина, М.Л. Акулова, А.В. Цай. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2019. - 272 с. (114-139) беттер
3. Женщины и дети Алжира. Мамочкино кладбище - YouTube

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӨМІР СҮРГЕН УАҚЫТТАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Төлегенұлы А., Ибрагим Ж.А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауым. профессоры Туякова.А.Е.

Астана халықаралық университеті

aibektolegen537@gmail.com

zhansaya.ibragim06@mail.ru

Астана қ.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген дәуірдегі қазақ қоғамының рухани құндылықтары дәстүрлі дүниетанымнан толық ажырамағанымен, ішкі дағдарысқа ұшырап, жаңаша рухани ізденістерге мұқтаж болды. Абай шығармашылығы осы дағдарысты еңсеруге бағытталған жаңа моральдық-рухани бағдар ұсынды.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген тұстағы қазақ қоғамының рухани құндылықтарының мазмұнын, жағдайын және олардың Абай дүниетанымына әсерін талдап, сол кезеңдегі рухани өзгерістердің сипатын анықтау. Адам бойындағы негізгі рухани құндылықтардың Абай дәуірінде қалай түсіндірілгенін анықтап, қазақ шежірелерінің қоғамның рухани тірегі ретіндегі рөлін талдап, қоғамның діни ойлары мен иман ұғымының мәнін ашу. Сондай-ақ, парақорлық, жемқорлық және ескі дәстүрлердің қазақ қоғамындағы бейнесін көрсетіп, Абайдың білім мен ғылым туралы ойларын, қазақ халқының жылқы мінезділігін талдау. Зерттеу барысында контент-анализ бен ғылыми материалдарды салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында С.Қорабайдың «Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары», М.Алпысбестің «Абай және оның заманы мен тарихи көзқарастары», Б.Ғабдуллиннің «Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы: шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм» және Абайдың қара сөздері қолданылды.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген уақыттағы қазақ қоғамының рухани құндылықтары терең, бай және өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Абай өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы - қазақ халқы үшін өзгерістер кезеңі болды, мұнда дәстүрлі көшпелі өмір мен жаңа заман талаптары арасындағы қайшылықтар айқын көрінді. Абайдың шығармашылығы мен дүниетанымы осы өзгерістердің айқын көрінісі болып табылады. Рухани құндылықтар ішінде адам бойындағы құндылықтар, діни құндылықтар, білім мен ғылымның маңызы және салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптар Ұлы Абайдың еңбектерінде маңызды орын алады.

Адам бойындағы құндылықтар. Ұлы Абай - XIX ғасырдағы жуастанған қазақ халқының қайта өрлеуіне жол ашқан тұлға болып келді. Ренессанс тек Батыста ғана емес, біздің қазақ қоғамында да орын алуына осы Абай көмегін тигізді. Абайдың басты зерттеу нысаны - Адам. Ал Абай адам

бойындағы құндылықтар жүйесін алдыға қойды және әрдайым қоғамдағы құнсыз әрекеттерді сынға алып отырды. Адамды түсіну, адамды дәріптеу, адам құндылықтарын түсінуде бейжай қарамағанды жөн көрген. «Атымды Адам қойған соң қайтіп надан болайын?» - деп, Адам мәселесін жоғары қоймаған қоғамды «надан қоғам» деп санаған [1,6 б]. Абай «Мен бір жұмбақ адаммын» дей келе, адамның танылуы қиын жұмбақ, егер дұрыс түсіне алсақ барлық құндылықтардың өзегі болатынын астарлайды. Абайдың түсінігінде, адамның құдіреті бар, ол рухани азаматтығы арқылы оны жасай алады, ар тазалығы мен ойдың, сезімнің кіршіксіздігі, сөздің бостандығы, санасы ешкімге тәуелді емес, білім, еңбек, махаббат, ақыл және ойлау сияқты руханилыққа бай жан екенін түсіндіреді. Осыған сүйене келе, Абай ойларында, еңбектерінде, қарасөздерінде өзінің ұлтынан осындай идеалды көргісі келеді. Абайдың адам туралы тыңбай зерттегенінің мәні де осы да.

XIX ғасырда қазақ халқы өздерінің тарихын білуге деген талпынысы арта түседі. Абайда бұл мәселеде шежіреге ерекше зек қойды. Яғни, Шежіре - ол халықтың ауызша мәдени мұрасы және рухани құндылығы болып есептеледі. XIX-XX ғасырлардағы ағартушылардың қызығушылығы шежірені тану басты мақсат ете бастады. Мысалы, Шәкәрімнің «Түркі, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі дәлел бола алады. Сондай-ақ Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» ел ұмытқан тарихты қайта жандандырудағы басты қадам болды. Абай және қазақ шежіресін байланыстыра отырып Ә.М. Жиреншин былай дейді: «Абайдан бұрынғы қазақ елінің әлеуметтік халын білмей, Абайдың туған айналасын, өмір ұясының кім екеніне түсінбей жоғарыдағы Абайдың жұмбағын шешуде қиын» - деп, шежіренің қазақ қоғамында мәдени және рухани құндылықтардың басты жаңғырылуы керек нәрсе деп тұжырымдайды [2,76-85 б]. Сондай-ақ, Абай және қазақ шежіресін білмей, Абайдың еңбектерін түсіну мүмкін нәрсе емес екенін ұғынуға болады. Сонымен, шежіре Абай заманында қазақтың тарихын, ұрпақтар жүйесін қайта өркендетуде шешуші рөл атқарады.

Абай Құнанбаевтің дін туралы ойлары сонау XIX-XX ғасырлардағы қоғамдағы өзекті діни мәселелерін қатты сынап, шынайы көзқарастармен өзінің тура пікірлерін ашық айтқан. Абайдың діни ойларын түсіну үшін, оған сынайы оймен қарау қажет. Өйткені қазақ қоғамындағы діни алауыздықтың басы осы негізгі тарихи оқиғалармен байланысады. Қазақ әлеуметіне діннің ықпалын күшейтуге даяр тұрған жергілікті феодалдар мен Патша үкіметінде жарыса атсалысқанын айта кету керек. Осы орайда, патша үкіметі діни идеологиялық саясатты қазақ жеріне кіргізбекші болды. Қазақ жерінде христиандықты әкелгенімен, ол жоспардың сәтсіз шығатынын біліп, керісінше халықтың ұстап жүрген дінін өздеріне қарсы қоюды мақсат етті. Солай отарлық саясаты нәтижесінде үкімет қазақ жеріне Башқұртстан мен Татарстаннан молдаларды қазақ даласына жіберу арқылы алғашқы қадамды жасады. Оған дәлел ретінде, абайдың туып өскен ортасы Семейдегі татар молдаларын айтуға болады. Мысалы, Семейдегі Абай оқыған молдалар - Ғабдулжаппар мен Ахмет Риза сол жақтан келгендер. Әсіресе, ауылға қарағанда қалада діннің ықпалы мықты болғанымен, Абай жеріне молдалар келуі Абайдың әкесі Құнанбайдың қолдауына ие болды. Құнанбай қазақты «күдайдың құлы», «пайғамдардың» үмбеті етуге ыждаһатпен ат салысты. Ол 1879 жылы Меккеге барды, тіпті қоңақүй салдырғаны туралы айтылады. Бұл сапар басқада қазақтардың жаппай қажылыққа баруына әкелді. Осы мәселе Абайдың сынынан айналып өтпеді. Қажылыққа баратындардың өзі көбісі надандар екенін басып айтты. Ақынның пікірінше, қажылыққа бару адамның ең үлкен парызы болғанымен, бастысы қажылыққа бару емес, адамгершілігі мол адам болу. Сол кездегі қажылыққа барған адамдардың көбісі еріккен байлар екендігін айтып сөгеді [3,67-80 б].

Абайдың өмір сүрген кезеңі «аңқау елге арамза молда» деген мақалға сай келді. Абай діни білімді жетік меңгеріп, шынайы иманның не екенін түсінді. Ислам дінінің далаға орнығуының пайдасы зиянына қарай, заман талабымен араб, парсы түрік тілдерін кітап арқылы үйреніп, он екі жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесін оқып шығады [4,124 б]. Абай отыз сегізінші қара сөзінде: «Бұл заманның молдалары хақим атына дұшпан болады»-деу арқылы молдалардың қазақ қоғамын дінмен арбаушы ретінде көрсетеді. Абайдың “иман” туралы түсінігі заманындағы адамдарға қарағанда ақылға салынған ой еді. Абай 13-ші қарасөзінде иманды жай ғана Аллаға табынудың, Пайғамбардың әкелгендеріне мойұсыну деп түсінуге болмайды деп түсіндіреді. Он үшінші қара сөзінде: «Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақыллы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақыллы дәлел испат (дәлелдеу) қыларға жараса, мұны якини иман (шын иман) десе керек. Екінші - кітаптан оқу немесе молдалардың не айтса соған еріп кетуі, олардың айтқан нәрсесіне соншалықты беріктігі иман таклиди (дәстүрлі сенім) дейді». Осындай иманның кесірінен софистикалық іс-әрекеттер сол кездегі қазақ қоғамында белең алған жайт болды. Қоғамның руханиятындағы діни түсінік иман таклиди түсінігінде қалыптасты. Бұл жағдаят орыс саясатының іске асуының алғышарты болды.

Ар, ұят, намыс сияқты құндылықтар адам бойындағы тәрбие мен әлеуметтің тірегі болмақ. Абай атамыз отыз алтыншы қара сөзінде ұят туралы сөз қозғайды. Сондағы ұятты екі түрге бөледі.

Біріншісі, адамның надандықтан туған ұяты, жақсы адаммен амандасуға ұялғандай, не шарифатқа, не ақылға теріс жазығы жоқ, надандықты тудырып ұялмас нәрседен ұялу деген секілді келтіреді. Ол осы ұятты шын ұялу емес, ақымақтыққа балайды. Ал шын ұят туралы құтты бір шарифатқа теріс, не ақылға теріс, абыройлы болмысқа теріс сияқты сезіледі. Сөзінің сонында Абай өзінің көрген таныс адамдары туралы, қоғамындағы адамдары туралы: “Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым ғой, енді нен бар?» дейді. Я болмаса «Жә, жә оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтіп пе едің?» дейді»- деп, өзінің қоғамындағы адамдардан естігенінен, айтқан сөздерінен ашық мысал келтіреді. Бұл Абайдың жан-айқайы бұндай адамдарда ұят барма, жокпа екендігін түсіне алмай кетуіне себеп жасайды [5,96-413 б].

1822 жылы «Сібір қазақтары туралы жарғысы» қабылданып, хандық билік жойылып, аға сұлтандық басқару жүйесі құрылды. Олар болыстарды басқарды. Міне, осы сәтте болыстық қызмет үшін талас басталды. Дегенмен, Абайдың өзі де мұрагерлік жолмен бірнеше рет болыс болған. Бірақ, Ұлы Абай ұлылығынан тайқып, заманындағы паракорлар сияқты орыстың жасап берген шеңіне қызығып, болыс атанып алған жоқ. Сол заманнан бастап, орыстан аға сұлтан және болыс қызметін алап деп, паракорлық пен жемқорлықты қалай қазақ қоғамына әкелгендерін ашып айту қажет. Осы кезден бері, қазіргі қазақ қоғамының жемқорлығының қалай? қайдан? бастау алғанын білуге болады. Мысалы, Абай атамыздың «жиырма екінші» қара сөзінде: «Болыс пенбиді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ» - деп, орыстан келген жеңіл лауазымның түк қадірі жоқ екенін ашық айтады. Ал 1891 жылғы Ережеге сәйкес болыстық сайлауда ел ішінде беделді адамдардан гөрі, империялық жүйені қолдайтын, мансапқұмар адамдарды алу басты қағида болды. Болыстарға қазақ қоғамындағы негізгі проблемалар жайылымдық жерлерді бөлу, жесір дауы, жер дауы, салық салу және жинау сияқты қызметтерді жүктеді [6,117-126 б].

Салт-дәстүр және әдеп-ғұрып. Абай Құнанбайұлы негізінде XIX ғасырдың қазақ халқы тарихындағы күрделі, шиеленісті заман екеніне қарамастан, мықты заман мықты тұлғаны тәрбиелегенін көреміз. Қазақ қоғамы отарлық саясаттың құрсауында қалып, елдің әлеуметтік жағдайын, мәдени және рухани өміріндегі өзгерістерді бастап кешті. Нақтырақ айтсақ, қазақ өз дінін дұрыс түсіне алмай, арамза молдалардың жетегінде қалып қоюы, жәдидшілдіктің мықты қарқыны, діни және кейбір қазақи ескі әдеп-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің қазақ өмірінде көрініс табуы, отарлау саясатының идеологиялық жағынан мықты болуын айтуға болады. Сол замандағы қазақ қоғамының рухани құндылықтарын тізбектеп айта кетсек, дін және діни таным - қазақ жұртының негізгі сенімі ислам діні. Салт-дәстүр және әдеп-ғұрып - жұртымыздың дәстүрлі рулық жүйесі, қыздың қалың малы, әйелді әмеңгерлікке алу, қайтыс болған адамға ас беру, баланың тұсауын кесу, бата беру сияқты салттар қазақ халқының негізгі рухани тіректерінің бірі болып табылса керек.

Сондай-ақ, XIX ғасырдағы қазақ қоғамында ескі әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрдің рөлі өте мығым орналасқаны туралы Ә.М. Жиреншин қазақ елінің ауылдарында рушылдық дерті, ескі әдеп-ғұрып мықты сақталуы, патриархалдық ескі өмірдің кесірі ретінде сан алуан содырлық істер шиеленісіп жатқан қазақ қоғамының арасында XIX ғасырдың екінші жартысында патриархалдық қатынастар енді құлдырай бастағанымен, көпшілі қазақ ауылдарында әлі де сол ескі салт, әдет-ғұрып міз қақпай мелшіе қарап, бәйбіше-тоқал, әмеңгерлік, барымташылық, надандықпен өзара өрістеп жатты. Ауру қалса да әдет қалмайды деген тамырланып, әйел ерге байланышты, апса алақанында, жұмса жұдырығында болып, барлық жерлерде ерге шығатын қыз қалың малға сатылады деп ашық айтады. Бұл надандықтардың өзі Абайдың керемет ойларының дүниеге келуіне себепші болған. Осындай, тарихи-әлеуметтік ахуалды терең түсінген Абай әдеп-ғұрыптың ескі және кері тартпа тұстарын сынға алып, жаңаша ойлауға, надандықтан құтылуға үндейді. Қазақ қоғамының ескі салт-дәстүрдің шеңберінде қалмасы үшін, ғылым-білімді үйренуге деп насихат жасады.

Білім мен ғылымның маңызы. Абай Құнанбайұлы өзінің ғылым мен білімге деген көзқарастарың көбінесе өлеңдерінде білдіреді. Мысалға алсақ, «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңдерінде ағартушылық көзқарастарын білдіріп, халыққа ағартушылық көзқарастары арқылы білімге, ғылымға сүйенуге пікір білдіреді. Оның өз заманындағы қазақтың надандығымен білімсіздігін басып айта отырып, халықты білімді тануға, орыстың ғылымын, тілің меңгеруге шақырады. Өйткені, Ұлы Абайдың бұл ойы арқылы орысқа жақындай отырып ғана даму жолына түсе алатындығын ескертеді. Бұған себеп Абайдың өзі орысша білім алғанында. Мысалы, Сәкен Сейфуллин «Құнанбай өзге жұрт баласын орыстан қашырып тығып жүргенде, өз баласын орыс мектебін орысша оқытқан» - деп жазады. Абайдың өзі орыстың басқасын емес, ғылымын меңгеру алға басар жол екендігін меңзейді.

XIX ғасыр қазақ халқының рухани құндылықтарының төмендігінен Ұлы Абайда өзіндік ой пайда болып, қазақ санасын надандықтан арылту үшін аянбай еңбек етеді. Бірақ, қазақ қоғамының

бүлінуіне түрткі болған себептер біршама. Қазақ қоғамы сол кезеңде аласапыранды бастан өткеріп жатқан кезі. Ресей империясының отаршылдық саясатының күшеюі, қазақ халқының кім екенін ұмыттыруға жұмылдырылған мықты идеология болды. Бұл орайда, ұлттық құндылықтардың жойылуы орыстар үшін негізгі пайда екенін Абай ерте түсінді. Отаршылдық саясат қазақ қоғамын экономикалық ғана құлдыратқысы ғана келмеді, барынша тілінен, жерінен, ұлттық болмысынан айыру басты мақсат болғаны анық еді. XIX ғасырдағы қазақ халқы рухани құндылықтарын жоғалту үстінде болды. Патшалық отарлау саясаты қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күйзеліске түсіруді басты себеп етіп, алдымен жылқы шаруашылығын бұзу туралы айла-идея ойлап табады. Өйткені бұныңда үлкен мәні бар. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы жылқы малын мінсе көлігі, жесе азығы, сатса пұл болып берді. Ал қазақ халқының «жылқы мінезді» деген сипаты текке айтылмаған болса керек. Жылқы мінезді қазақ сипаты біздің ұлтымыздың кескін-сипатын және құндылықтарын бейнелейтінін көрсетеді. Мысалы, сұлулық, адалдық, тазалық, азатшылдық және асау мінезділік сияқты құндылықтарды қазақ халқының анық бейнесі деп айтуға болады [2,85-86 б.]. Осы орайда, Абайдың көркем ойларының дүние келуіне де бір себеп болды деуге болады.

Сонымен XIX ғасырдағы қазақ қоғамының рухани құндылықтары - ұлтты дамуындағы, алға басуындағы тірегі болғанын ескерсек, онда қазақ жұртының дәстүрі мен әдеп-ғұрпына жаңаша бір толқын керек еді. Бұл кезең де - дәстүр мен жаңашылдықтың, дін мен дүниенің, қазақ ұлтының болмысына мен отарлық саясаттың арпалысқан кезі. Дегенмен, қазақ бойында тегіс надандылық болған деп қиып айту қате. Дәл осы кезеңде қазақтың бойында өз тарихын білуге ұмтылыс, жеріне деген махаббат, имандылық, ар-ұят пен намыс сияқты құндылықтар кішкене болсын өз күшін жоғалтпады. Қазақ жұртының дін мен дәстүрдің жетегінде кеткенімен, өзінің қазақтығын әлі күнге дейін толықтай жоғалтпады. Сол себепті де, Ұлы Абайдың қазақ халқына қиын қыстау кезде бағыт-бағдар беру өзіндік маңызды іс болды. Абай өз ұлтын жек көрген жоқ, тек сыни ойлау және сыни пікір арқылы не дұрыс, не бұрыс екендігін жіктеп берді. Сол кезеңдегі қазақтың ұлттық құндылықтары - тек өткеннің сарқыншағы емес, бүгінге дейінгі күннің бағдаршамы десек болады.

Абай Құнанбайұлы қазақ қоғамының рухани құндылықтары мен моральдық негіздерін жаңартып, тереңдетті. Оның шығармашылығы мен ойлары қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасының бір бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Құр. С.Қорабай - Алматы: Дәуір, 2004. - 120 бет.
2. Алпысбес М. Абай және оның заманы мен тарихи көзқарастары [Мәтін] / М. Алпысбес // Мәдени мұра. - 2022. - № 1 (96). - 74-90 бет
3. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы [Мәтін] : шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм / Б. Ғабдуллин ; [ред. менг. М. Әкімжанов, ред. О. Оралбеков]... - Алматы : Қазақстан, 1988.
4. XIX ғасырдағы қазақ халқының қоғамдық ойы: тарихы мен тағылымы [Мәтін] : оқу құралы /С.С. Иманбаева Г. Ш. Баймұратова З. С. Ақтамбердиева З. Т. Тастанова ... - Алматы : Мектеп, 2021. - 150 б. . - Әдеб.: 147-150 б
5. Абай (Ибраһим Құнанбаев) - Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. - Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. - 488 бет.
6. Абай және қазақ социумы [Мәтін] : [ұжымдық монография] ; Еуразия ұлттық ун-ті, Абай акад. ғылыми-зерттеу ин-ты .- Нұр-Сұлтан : Алашорда , 2020. - Абай академиясы.- 504 б.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Турсунбаев Ә.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Өскембаев Қ.С.

Astana International University, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі

eralievb42@gmail.com

Астана қ.

Кеңестік кезеңдегі Қазақстан ғылымының тарихы - елдің зияткерлік дамуы мен саяси тағдыры тоғысқан ерекше сала. XX ғасырдың басында Қазақстанда дербес ғылыми жүйе болған жоқ, жекелеген